



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№17 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Исламдық қаржыны  
дамыту қауымдастығы арасында  
Ынтымақтастық туралы меморандум жасалды**

**2015 жылғы 5 наурыз**

**Алматы қ.**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) және «Исламдық қаржыны дамыту қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі – ИҚДҚ) Қазақстанның исламдық қаржы нарығын дамыту саласындағы ұзақмерзімді өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасады.

Осы Меморандум шеңберінде исламдық қаржыландыру саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірленеді, сондай-ақ елдегі исламдық қаржыландыруды дамыту және танымал ету жөніндегі конференциялар, форумдар, семинарлар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, ҚРҰБ және ИҚДҚ Исламдық қаржыландыруды дамытудың 2020 жылға дейінгі жол картасында көзделген, Қазақстанның экономикасына инвестициялар тартуға, оның ішінде исламдық қаржыландыру құралдарын пайдалана отырып тартуға бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлеуге қатысады.

**Анықтама ретінде:**

*«ИҚДҚ» ЗТБ исламдық қаржыландыру саласына қатысты Қазақстан Республикасының бірінші заңнамалық актілері қабылданған соң, 2009 жылғы 9 маусымда тіркелді. ИҚДҚ қатысуымен Исламдық қаржы бойынша қазақстандық конференция (KIFC) 2010, 2011, 2012 және 2014 жылдары өткізілді.*

*ИҚДҚ қызметінің негізгі бағыттары:*

1. нарыққа қатысушылардың ҚР-да исламдық қаржы индустриясын дамытуға қатысты бірыңғай ұстанымын әзірлеу;
2. ҚР халқының, мемлекеттік органдарының, бизнес және қаржы нарығы субъектілерінің мүдделі бөлігін ИҚ қағидаттарына оқыту;
3. ИҚ өнімдерін, оларды пайдалану саласын кеңейту және ел экономикасына ықпалдасу процесіне жәрдемдесу мақсатында танымал ету;
4. ИҚ-ты бұдан әрі дамыту мақсатында ИҚ саласына қатысты ҚР заңнамалық актілеріне өзгерістер дайындауға қатысу және оған бастамашы болу;
5. ИҚ-ты дамытуға мүдделі халықаралық және қазақстандық ұйымдар арасында өзара іс-қимылды қамтамасыз ету болып табылады.

**Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).**